

Ғажайып математика әлемі


Насифова Гульнара Арыстанбековна
№2 "Балдырған" балабақшасының
тәрбиешісі



Мақсаты: 1- ден - 10- ға дейін сандарды санап, қай- талау арқылы білімдерін бекіту. Тура және кері санауға дағдыларын қалыптастыру, логикалық сұрақтарға жауап беру арқылы ойлау қаблетін дамыту, геометриялық пішіндерді айырып, құрастырып олармен жұмыс жасау. Санамақ үйренуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сипау арқылы

сандарды айтқызып, математикалық ойын арқылы балалардың тілдерін дамыту. Зейінділікке, ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: жоғары-төмен, биік-аласа, жуан-жіңішке

Көрнекілік: карточкалар, сандар кассасы, тонграм, суреттер

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-ынталандырушылық	<p>Шаттық шеңбері Мынау менің жүрегім Бәрі осыдан басталған Мынау басым ақылды Бәрін осы басқарған Мынау менің оң қолым Мынау менің сол қолым Барлық істі атқарған</p> <p>- Балалар бүгін бізге қонаққа Айгүл есімді қуыршақ қонаққа келіпті. Айгүлдің әдемі сандығы бар екен. Сандығында сендерге арналған сыйлығыда бар екен. Бірақ оны ашу үшін тапсырмаларды орындау керек. Орындаймыз ба?</p>	<p>Балалар шеңберде тұрып өлең жолына сәйкес қимыл жасап айтады</p> <p>Келген қонаққа көңіл бөліп, сабаққа қызығушылық танытады</p> <p>Иә, орндаймыз</p>
Ұйымдастыру-ізденушілік	<p>1-тапсырма</p> <ul style="list-style-type: none"> - 1-ден 10-ға дейін тура және кері сана. - Жыл мезгілдерін ата - Бір жылда қанша ай бар? - Бір аптада қанша күн бар? <p>Тақтада тәрбиеші көрсетеді Аулада 5кірпі бар еді, мен 4алма алып бердім. Қайсысы көп? Қайсысы аз? Екеуі тең болу үшін не істейміз? Балалар орнында өз бетімен орындайды. Орманда 3қоян жүр еді, Асан 5сәбіз алып берді. Қайсысы көп? Қайсысы аз? Тең болу үшін не істейсің?</p> <p>2-тапсырма (теледидардан)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Пішінді ата және қандай затқа ұқсайды? - Айгүлдің інісіне ойыншық жинап көмектес - Төртбұрыштың оң жақ жоғарғы бұрышына үшбұрышты қой. Сол жақ төменгі бұрышына сопақшаны қой. Ортасына төртбұрышты қой. 	<p>1-ден 10-ға дейін тура және кері сана. Қыс, көктем, жаз, күз Бір жылда 3ай бар Бір аптада 7күн бар</p> <p>Тақтада тәрбиеші түсіндірген сабақты мұқият тыңдап отырады. Сұрақтарға жауап береді. Өз орындарында тапсырманы орындап сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Пішіндерді атап, қандай затқа ұқсайтынын айтады</p> <p>Ойыншықты орнына жинастыруға көмектеседі</p> <p>Тәрбиешіні мұқият тыңдап қағаз бетін бағдарлай отыра тапсырманы</p>

	<p>3-тапсырма (теледидардан)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Суретте ең жуан қарындаш қандай түсті? - Ең жіңішке қарындаш қандай түсті? - Ең ұзын гүл қайсы? - Биік үйдің шатыры қандай түсте?  <p>4-тапсырма «Жоғалған санды тап» Балалар берілген карточкадан жоғалған санды табады.</p> <table border="1" data-bbox="598 571 865 645"> <tr> <td></td> <td>2</td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td></td> <td>5</td> </tr> </table> <p>5- тапсырма Логикалық есептер</p> <p>1. Терезе алдында мысық отыр Шарды ол үріп отыр Үріп еді 9 шар, жарылды кенет 3 шар Қалады сонда қанша шар?</p> <p>2. Көл жағасында 4 қаз жүр Біреуі суға секірді Басын суға тығып, жоқ болды Қалады сонда қанша қаз?</p>  <p>6-тапсырма Математикалық диктант 7-тапсырма Тонграм</p>		2		3		5	<p>орындап шығады</p> <p>Ең жуан қарындаш қызыл түсті Ең жіңішке қарындаш сары түсті Ең ұзын гүл үшінші гүл Ең биік үйдің шатырының түсі жасыл түсті</p> <p>Орындарында отырып жоғалған санды тауып қояды</p> <p>Логикалық есептерді мұқият тыңдап жауабын табады. Өзін тексеру барысында есепті оқиды.</p> <p>Өз бетімен тапсырманы орындап шығып тақтадан тексереді. Тонграм пішін құрастырады</p>
	2							
3		5						
<p>Рефлексивтік-түзетушілік</p>	<p>Жарайсындар балалар! Сендер Айгүлдің тапсырмасын орындап сандықты аштыңдар. Сендерге арналған сыйлықтарды алыңдар.</p>	<p>Айгіл есімді қуыршаққа көмектескендері үшін қуанады, сыйлық алады</p>						

Күтілетін нәтиже:
Нені біледі: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау, геометриялық пішіндердің атауын
Қандай түсініктерді игерді: қағаз бетін

бағдарлауды
Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: логикалық есептерді шығаруды.